
Қош келдіңіздер!
Copyright © 2000 by Anthony Atkielski


ҚАЗАҚСТАН
Мәнерлеп оқу арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру

# Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернаттың

*А.Е.Есеналиева*
*Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі көркем сөз оқу үйірмесінің жетекшісі*
*Оңтүстік Қазақстан облысы,Отырар ауданы,Шәуілдір ауылы*



Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды.
Баланың сөз мағынасын, сөйлеу мәнерін ұғынуда мәнерлеп оқудың да маңызы зор.
Әдебиетті оқытуда мәнерлеп оқытуға көп мән бере қарау керек. Сондықтанда баяндамамды мәнерлеп оқу арқылы-оқушылардың шығармашылығын арттыру.

# Алға қойған мақсатым:



Шығарманы мәнерлеп оқыту арқылы оқушыны танысып отырған, әр кейіпкерімен бірге әрекеттер жасап, олармен бірге толғанып, тебірене білуге тәрбиелеу. Нақышына келтіріп, мәнерлеп оқу арқылы оқушының жан дүниесін байытып, асқақ армандарға жетелеу, әр тыңдаушының жүрегіне, сезіміне әсер ете білуге үйрету.

# Міндетім:

Әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білу, мән-мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу. Көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту, жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру, дамыту.



сөзді айтып тұрған кейіпкердің жан-дүниесін

**Әр буында,**
әр сөзде,
сөз тіркесінде,

***Әдеби талдаудың***

# Мәнерлеп оқу

**әрбір сөйлемде орныққан интонация**

**ешқайсысы мен алмастырылмайтын**

***ерекше қабілетімен танылады***

# Мәнерлеп оқу

- көркем мәтіннің байлығын түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге оқушының сөз байлығын дамытады. Оқушылардың ақын шығармаларына қызығушылығын оятады.


Дауыс таза,
күшті шықса
оқуда
мәнерлі болады.



Құбылта оқу, дауыс ырғағын келтіре оқу,
мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор.

**Дикциядағы кемшілік сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары**

Дикциядағы кемшілік сөйлеу мүшелеріне
дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары

Интонация-сөйлеу сазы

# Интонация мына элементтерден тұрады

Сөз бен ой екпіні

Сөйле удің қарқын ы

ритмі,

пауза

сазы.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу үшін, онымен алдын-ала танысып, сонан соң оқығанда ғана, автордың идеясын жеткізе оқып шығуға болады. Көркем шығармада адам психологиясы жан-жақты суреттеледі. Оны өз мәнінде тыңдаушысына жеткізу үшін, мұғалім оқитын мәтіндегі қай сөздің, сөйлемнің қандай мағынаны, қандай көңіл күйді білдіретінімен алдын-ала таныс болуға тиіс.



- Мен өзімнің көркем сөз оқу үйірмесінде, қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, өлең жолдарының мағынасын түсіне білу керек.

# М.Жұмабаев «Сағындым»

М.Жұмабаев «Сағындым»

**І. Абақтыда айды, күнді жаңылдым,**
**Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.**
**«Қарашығым, құлыным!» - деп зарлаған**
**Алыстағы сорлы анамды сағындым.**

- ІІ. Жатқан үйім-қабырғасы қара тас,
- Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
- Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке
- Ерте-кеште, күндіз-түні арылмас.
- ІІІ. Тапал, салқын , тым қараңғы, үңгір тар,
- Есігімде мықты қара құлып бар.
- Кіп-кішкене терезелер темірлі,
- Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!
- ІV. Алтын күнді, қара жерді сағындым,
- Жан-жолдасым-жүйрік желді сағындым
- Асау тайдай еркелетіп өсірген
- Ағайынды, туған елді сағындым



«Сөз мағына жағынан, күштілігімен,көркемділігімен ұнайды»-деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, мәнерлеп оқу жолдарын толық меңгерген оқушы «сөз асылын» табатын, «сөз мағынасын» ұғатын , «дарынды сөзді» тани білетін тұлға болып қалыптасады. **Көркем сөз – эстетикалық мәні күшейтілген әсерлі бейнелі сөз.**

# "Абайды оқы - таңырқа"







# Ақынның айтпақ өсиеті

Ғылым-білімге неғұрлым ертерек, бала кезден ден қойсаңдар – кейін өкінбейсіңдер

Балғын шақтарыңда оқыған кітап, алған білім тасқа басылғандай мәңгі-бақи естеріңде қалмақ дегенді меңзейді.

Абайдың әр өлеңі бізді жақсы болуға, жаман әдеттерден жиренуге тәрбиелейді.



# Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ-
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой-
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де-өзі, мал да -өзі
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне,
Махаббатпен ерсеңіз...



# Білімдіден шыққан сөз

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі — айна, көңілі — оят,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әблет басқан елерме
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?

"Айтшы-айтшылап" жалынар,
Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар
Ұйқылы-ояу бойкүйез.
Жас баладай жеңсікқой,

Байлаулы емес ақыл ой,
Ойлағаны — айт пен той,
Ыржаң-қылжаң ит мінез,,
Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәңірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без.
Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертің ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.
"Ой, тәңір-айшыл" кер есек,
Қулық, сұмдық не өсек
Болмаған соң, бір есеп —
Мейілі қамқа, мейілі бөз.

# Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.
Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.

Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң, мұнда сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз».
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.

Әсіресе қызыл емес деп, жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.
Батырдан барымташы туар даңғой.
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.

Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елермелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алтымисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қиналмай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой!

Өлеңі бар, өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге...

- Абайдың ұлы ақын болуының бір сыры сурет салып оған жан бітіруінде. “Қыс” деп аталатын өлеңнің бір шумағын есімізге түсірейік …



# Абайдың әнге деген сүйіспеншілігі

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, меншe сүй,-деп білдірген





## *Көзімнің қарасы*

Көзімнің қарасы,
Көңлімнің санасы.
Бітпейді іштегі,
Ғашықтық жарасы

Жылайын жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқама сөз дайын

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын,
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын?

Ұлы ақын Абай «Өлең – сөздің патшасы , сөз сарасы» деп көркем сөз құдіретін жоғары бағалаған Көркем сөз-әдебиетін негізін құрап отыратын мәңгілік мұра. Көркем сөздің қадірі мен құдіретіне арналған, қазақ халқының талай даналық ойлары, мақалдары мен мәтелдері бар.

Көркемсөз жанрлары-кезеңдік жанрлар, яғни өз кезеңінің өзекжарды мәселелерін арқау ететін, ұрымтал елгезек жанрлар. Ақын жазушылар асыл сөздің сол сиқырлы сырын ашып әдеби шығармалардың көркемдігін арттыруда тіл байлығын  молайтып отырады. Олар осы бейнелеу құралының дәлдігімен айқындылығына, мөлдірлігі мен тереңдігіне қарапайым мен өрнектілігіне ерекше көңіл бөлген.



Қазақ тіліне «Көркем сөз» терминін А. Байтұрсынұлы енгізген. 20-ғасырдың , 20-жылдарындағы шығармалар қазақ ұлттық көркем сөзінің алғашқы үлгілері ретінде қарастырылып жүр. Бұл кездегі С.Сейфуллин, Б.Майлин, Н.Төреқұлов, М.Дулатов, С.Мұқанов т.б. Көркем сөз-үлгілерінен замана тынысы, көзқарас қайшылығы, айтыс-тартыс бағыты айқын көрінеді.

«Кестенің бізі, өткірдің жүзі, Өрнегін сендей сала алмас», «Өнер алды қызыл тіл», «Сөз тапқанға-қолқа жоқ» , «Сөз түземегенді- тез түземейді», «Жүйелі сөз киелі» т.б.

=SOFT-BEST.WS=

# Қорытынды

Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды.Сабақты жаңа әдіс тәсілдермен өту жолдарын қолға алу біздің басты мақсатымыз. Оқытудың тиімді және үйлесімді болуы оқушының танымдық дамуының табиғи логикасын ескергенде ғана мүмкін болмақ.

Білім алушылар оқуды аяқтағанда төмендегідей құзырлылықтарды меңгеруі керек:

- Проблемаларды шешуге дайын болу.
- Өзіндік тұрғыдан танымдық әрекеттерге дайын болу.
- Тұлға аралық қарым-қатынасқа дайындық (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынушы деңгейінде тиімді қолдану дайындығы.
- Әлеуметтік өзара әрекеттесуге дайындық;
- Қазақстандық ой мен өзінділікті қалыптастыру негізінде өз Отаны үшін жауапкершілікті өзіне жүктеу дайындығы;
- Өзін-өзі дамыту, өркендету, жүзеге асыруға дайындық;


КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ


КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ


КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ




Тіл тағдыры - ел тағдыры.



Қазақ тарихы мен мәдениетінің қайта дамуына сүбелі үлес қосқан ел
ағалары аз емес.
танымы мен тағылымы бөлек, бітімі елден ерек
Өзбекәлі Жәнібеков.
Тілім XXI ғасырда
Тіл тағдыры - ел тағдыры

# Марапаттаулар



Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданының білім бөлімі

Диплом

Бас жүлде

Аудандық 7-8-9 сынып оқушылары арасында 1 желтоқсан "Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне" орай "Елін сүйген Елбасы" тақырыбында өткізілген мәнерлеп оқу байқауында өз білімін жоғары деңгейде көрсете білгені үшін

Ө. Жолібеков м/м

мектебінің 9 сынып оқушысы

Несіпбай Назерке

МАРАПАТТАЛАДЫ

Аудандық білім бөлімінің басшысы м.а Б.Бекмұрат

Шәуілдір ауылы



Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданының білім бөлімі

Мадақтама

"Жаңа білім бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсілдеме - табысты мектепке қадамдар" тақырыбында өткен аудандық тамыз педагогикалық кеңесіндегі Қазақ тілі пәні мұғалімдерінің секция отырысында жаңашыл, құнды баяндама жасағаны үшін Ө. Жолібеков м/м мектебінің мұғалімі Есенбаева Ақбала

МАРАПАТТАЛАДЫ

Аудандық білім бөлімінің басшысы Ж.Мұсатаева

Аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ кеңесінің төрағасы Е.Қасым

Шәуілдір ауылы 2015 жыл



Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданы

# Диплом

**І дәрежелі**

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері
Ө. Жәнібековтың туылғанына 85 жыл толуына орай
өткізілген "Шабыт-2016" аудандық оқушылар
арасындағы ақындар мүшайрасында үздік өнер
көрсеткені үшін Өзбекқызы Жәнібек
жалпы, орта, негізгі мектебінің
9ә сынып оқушысы

Арыстанқызы Бәлжан

МАРАПАТТАЛАДЫ

Аудандық білім бөлімінің басшысы Ж.Мұсатаева

Арыс ауылы-2016 жыл



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Оңтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасы

# Алғыс хат

*1 желтоқсан Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті күніне орай облыстық
жалпы білім беретін мектептерінің
оқушылары арасында өткен
"Елбасы-елдің тірегі" атты
III облыстық ақындар айтысы,
дәстүрлі әншілер мен термешілер,
жазба ақындар мүшәйрасына
оқушыларды үздік дайындағаны
үшін*

Отырар ауданы Ө. Жәнібеков
атындағы №4 жалпы орта мектеп [illegible]

**марапатталады.**

Облыстық білім басқармасының басшысы А.Елшиева

Тіркеу: №___


Зейін қойып тыңдағандарыңызға РАХМЕТ!